

Балық қорлары және басқа да су жануарларын пайдалануды ресімдеу тәртібі туралы нұсқаулық

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Экобиоресурсмині 1996 жылғы 12 сәуірдегі N 27 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1996 жылғы 23 мамырда N 172 тіркелді. Күші жойылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2003 жылғы 13 ақпандағы N 72 бұйрығымен.

Балық қорлары және басқа да су жануарларын ресімдеу мен пайдалану тәртібі туралы нұсқаулықты бекіту туралы

"Жануарлар дүниесін қорғау, үдемелі өсіру және пайдалану туралы" Z933300 _ Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті 1995 жылғы 5 сәуірдегі N 414 P950414_ қаулысымен бекіткен Қазақстан Республикасының су айдындарында балық қорларын қорғау және балық аулауды реттеу туралы ережеге сәйкес және балық қорлары мен басқа да су жануарларын пайдалануға ресімдеуге бірыңғай көзқарасты қамтамасыз ету мақсатында бұйырамын:

1. "Балық қорлары және басқа да су жануарларын ресімдеу мен пайдалану тәртібі туралы нұсқаулық" бекітілсін.

2. Биоресурстарды қорғау, ұдайы өсіру мен пайдалану жөніндегі бас басқарманың бастығы /Киреев М.А./, экология және биоресурстар облыстық басқармалары бекітілген Нұсқаулықты басшылыққа алсын және орындасын.

3. Қазақстан Республикасының Экобиоресурсмині 1994 жылғы 11 сәуірдегі N 25 бұйрығымен бекіткен "Табиғатты арнайы пайдалануға шарт жасаудың уақытша тәртібі" V бөлімінің күші жойылған деп саналсын.

4. Жалпы бөлімнің бастығы /Малюхов А.Д./ көрсетілген Нұсқаулықты көбейтіп, Экология және биоресурстар облыстық басқармаларына жеткізсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау жасау Министрдің орынбасары М.И.Жәркеновке жүктелсін.

Министр

Осы Нұсқаулық "Жануарлар дүниесін қорғау, үдемелі өсіру және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті 1995 жылғы 5 сәуірдегі N 414 қаулысымен бекіткен Қазақстан Республикасының су айдындарында балық қорларын қорғау және балық аулауды реттеу туралы ережеге сәйкес әзірленген және балық қорлары мен басқа да су жануарларын пайдалану және оларды ресімдеу жөніндегі өтініштерді қозғауды қарау тәртібін айқындайды.

1. Атқарушы өкімет облыстық органдарының балықты, басқа да су жануарларын кәсіпшілік аулауға құқық беру және балық аулау шаруашылығы су айдындарын (учаскелерін) бекіту туралы шешімі:

- Орал-Каспий су айдындары Балқаш-Іле бассейндері, Алакөл көлдер тобы, Бұқтырма және Шардара су қоймалары бойынша - тек Қазақстан Республикасы Экология және биоресурстар министрлігінің оңды қорытындысы болғанда ғана;

- басқа да балық шаруашылығы су айдындары бойынша - балық қорғау органдары дайындаған және енгізген ұсыныстар бойынша қабылданады деп белгіленсін.

Оның үстіне, ұсыныстарды тиісті түрде дайындау және көрсетілген шешімдерді қабылдау үшін негіз мүдделі жақтың (N 1 қосымша) жазбаша өтініші (өтінімі) және соған қоса берілетін көзделген шаруашылық қызметінде осы жағдайда қолданылатын технология мен аулау құралдарының экологиялық сараптамасының оңды қорытындысы болып табылады.

2. Атқарушы өкімет облыстық органдарының шешімі қабылданғаннан кейін табиғат пайдаланушылар мен балық қорғау органдарының арасында су айдындарын пайдалануға, балық пен басқа да су жануарларын өндіруге шарт жасалады (N 2 қосымша). Шартқа міндетті қосымша қызметін су айдынының учаскесінің төлқұжаты (N 3 қосымша) карта-схема және су айдынының тексеру актісі атқарады.

2.1. Су айдыны учаскесі төлқұжатын және су айдыны (учаскесі) карта-схемасын дайындау мақсатымен балық шаруашылығы су айдынын (учаскесін) тексеруді балық қорғау органдарының ихтиологиялық қызметі жүзеге асырады.

3. Орал-Каспий су айдындары Балқаш-Іле бассейндері, Алакөл көлдер тобы, Бұқтырма және Шардара су қоймалары бойынша шарттар жасау үшін материалдарды бассейндік басқармалар мен балық қорғау облыстық мемлекеттік балық инспекциялары дайындап, түбегейлі ресімдеу үшін балық қорғау республикалық органына жібереді.

3.1. Өтінімдерді қарауды және балықты кәсіпшілік аулауға құқық беру мен балық шаруашылығы су айдындарын (учаскелерін) бекіту туралы шешім қабылдау үшін ұсыныстарды дайындауды балық аулау көлемінің (лимитінің)

бекітілген тәртібін негізге ала отырып, атқарушы өкімет органдары өкілдерінің қатысуымен конкурс негізінде (тендер) балық қорғау органдары жүргізеді.

4. Балық қорғау органдары берген балық аулау көлемі (лимиті) көрсетілген балық кәсіпшілігін жүргізуге жыл сайынғы рұқсатты (кәсіпшілік билетін) бере отырып, үш жылғы дейінгі мерзімге шарт ж а с а л а д ы (N 4 қ о с ы м ш а) .

5. Су айдынын пайдаланушы балық кәсіпшілігі су айдынында (учаскесінде) белгіленген нысанда кәсіпшілік журналын жүргізуге (N 5 қосымша) және оны балық қорғау органдарының талап етуі бойынша ұсынуға міндетті.

К е л і с і л д і

N 1 қосымша

Су айдынының (учаскесінің) санатына

байланысты кімге беріледі

**Балық, басқа да су жануарларын кәсіпшілік
аулауға және балық шаруашылығы су айдындарын
(учаскелерін) бекітуге құқық беретін**

ӨТІМ

1. Өтінім берушінің атауы, ведомстволық қарауы, реквизиттері, мекен-жайы _____

2. Су айдындарының (учаскелерінің) әкімшілік-аумақтық тұрған жері, ауданды немесе ұзындығы, кәсіпшіліктің шекаралары _____

3. Су айдынында (учаскесінде) аулауға жататын кәсіпшілік балықтардың тізбесі, оларды аулаудың, соның ішінде тоқсан бойынша аулаудың көлемі _____

4. Кәсіпшілік қолдануға жататын аулау құралдары (көздерінің өлшемі, мөлшері, саны) _____

5. Ұсыныс беруші балық қорғау органының атауы _____

6. Экологиялық сараптамаға оңды қорытынды берген табиғат қорғау органының атауы _____

7. Су айдындарының (учаскелерінің) бекітілу мерзімі _____

8. Табиғатты пайдаланғаны үшін төлемдерді төлеудің мерзімі және мөлшері _____

Қосымша: 1. Балық қорғау органының ұсынысы
2. Экологиялық сараптама қорытындысы

Ескерту: Өтінім үш дана, бірінші берілетін жаққа, балық қорғау органына, өтінім берушіге ресімделеді.

_____ (Өтінімнің берілген күні)

_____ (Өтінім берушінің тегі, аты,

_____ әкесінің аты және қолы)

_____ N 2 қосымша

Қазақстан Республикасының
Экология және биоресурстар
министрлігі

Елтаңба Министерство
Экологии и биоресурсов

Республики Казахстан

ҚАЗБАСБИОРЕСУРСТАРЫ

Биологиялық ресурстарды қорғау, үдемелі өсіру
және пайдалану жөніндегі бас басқарма

_____ қаласы 19__ ж. " __ " _____

Біз, төменде қол қоюшылар, жануарлар дүниесін мемлекеттік
басқаруға арнайы уәкілдік берілген орган _____

_____ бұдан әрі "балық қорғау органы"
деп аталатын орган атынан, бір жағынан, _____

_____ негізінде іс-қимыл
жасайтын бастық арқылы _____

және бұдан әрі "су айдынын (учаскесін) пайдаланушы" деп аталатын,
екінші жағынан, _____

негізінде іс-қимыл жасайтын оның басшысы арқылы _____

_____ төмендегі жөнінде осы шартты жасады:

I. ШАРТ НЫСАНАСЫ

"Балық қорғау органы" берді, "су айдынын (учаскесін)
пайдаланушы" мөлшері мен шекарасы шартқа қоса берілетін төлқұжатта

көрсетілген биоресурстарды пайдалану құқығына (балықты кәсіпшілік аулауды жүргізуге, басқа да су жануарларын өндіруге) ие болды.

II. ТАРАПТАРДЫҢ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ

1. "Балық қорғау органы":

а) "су айдынын (учаскесін) пайдаланушы" кәсіпшілік балықтардың жас өскіндерін құтқарумен және балық өсірумен айналысуға міндетті шекараны (ауданын, ұзындығын) және т.б. анықтауға;

б) "су айдынын (учаскесін) пайдаланушы" жүргізетін балық өсіру-мелиорация жұмыстарына бақылауды қамтамасыз етуге;

в) "су айдынын (учаскесін) пайдаланушы" қызметкерлер арасында балық қорғау, балық өсіру және балық шаруашылығы мелиорациясы, су айдыны биоресурстарын пайдалану мәселелері жөнінде бұқаралық түсіндіру жұмыстарын (әңгіме, лекция және т.б.) жүргізуге міндеттенеді.

2. "Су айдынын (учаскесін) пайдаланушы" өзіне берілген су айдынын учаскесін басқа ұйымдарға тапсыруға құқылы емес және:

а) су айдыны (учаскесі) биоресурстарын пайдаланғанына төлемді дер кезінде және толық көлемде енгізуге;

б) су айдындарының балық қорлары мен басқа да биоресурстарын қорғауға, балық қорғау ережесін сақтауға;

в) балық кәсіпшілігі учаскелерінің шекараларын балық қорғау органдарының нұсқауы бойынша арнайы белгілермен белгілеуге;

г) балық кәсіпшілігі қостарын және аулау құралдарын таңдаған жерлердегі жағалау учаскелерін тиісті санитарлық күйде ұстауға;

д) балық кәсіпшілігі су айдынын (учаскесін) соған арналған аулау құралдарымен толық пайдалануға;

е) балық кәсіпшілігі су айдынында (учаскесінде) белгіленген нысан бойынша балық кәсіпшілігі журналын жүргізуге және оны балық қорғау органдарының талап етуі бойынша көрсетуге, сондай-ақ балық қорғау органына ай сайын айдың 5-күніне қарай балықты түрлері бойынша аулау және кәсіпшілік жағдайы бойынша деректер туралы мәліметтерді беріп тұруға;

ж) су айдындарынан балық аулаудың және басқа биоресурстардың лимитінен асып кетпеуге;

з) балық қорғау органдарымен келісілген жыл сайынғы бекітілген жоспарға сәйкес балық өсіру, жас өскіндерді құтқару, табиғи су айдындарындағы мелиорация және балық жүретін учаскелерді тазарту жөніндегі жұмыс жүргізуге;

и) су айдындарында өндірілетін гидробионттарды үдемелі өсіру, олардың азық базасы мен үйлесімді саны үшін жағдайларын сақтауды және ұстануды

қ а м т а м а с ы з

е т у г е ;

к) балық қорғау органының рұқсатынсыз балық кәсіпшілігі су айдынының (учаскесінің) табиғи жағдайларын өзгертетін жұмыстарды жүргізбеуге;

л) балық өсіретін зауыттарға, бақылау-байқау пункттеріне, ғылыми-зерттеу ұйымдарына шартты бастамалармен аталықтары мен әр түрлі жастағы балықтарды беруге ;

м) кез келген уақытта балық қорғау органы қызметкерлерін өндіріс мекен-жайлары мен ғимараттарының учаскесінде тұрған балық аулау кемелерін, аулау құралдарын, ауланған балықтарды тексеруге жіберуге;

н) осы бапта көзделген барлық жұмыстарды өз есебі мен өз күші арқылы жүргізуге және "балық қорғау органына" жыл сайын 5 қаңтарға қарай ақпаратты беріп тұруға міндеттенеді.

III. ҚОЛДАНЫЛАТЫН ТЕХНОЛОГИЯҒА НЕГІЗГІ ТАЛАПТАР

Балық аулау және басқа да су жануарлары мен өсімдіктерін өндіру режимі Балық аулау ережелерімен бекітілгенге сәйкес белгіленеді.

IV. БЕРІЛЕТІН ЖЕҢІЛДІКТЕР

Бекітілген су айдынында (учаскесінде) балық өсіру-мелиорация жұмыстарын, жас балықтарды құтқару және балық өнімінің жоғары көрсеткіштеріне жету жоспарларын асыра орындағанда "су айдынын (учаскесін) пайдаланушы" кәсіпшілік учаскесін кеңейту, қосымша су айдындарын пайдалануды алу құқығын иеленеді.

V. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

Осы шарттың талаптары мен шарттарын бұзғаны үшін тараптар заңда белгіленген тәртіппен азаматтық, әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікті мойнына алады.

"Су айдынын (учаскесін) пайдаланушы" Балық аулау ережелері мен осы шарттың шарттарын әлденеше рет бұзған жағдайда оны "балық қорғау органы" белгілеген тәртіппен бұза алады, ал шартты бұзғанға дейін оның күші тоқтатылуы мүмкін.

VI. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ

Осы шарт даулар қолданылып жүрген құқықтық заңдарға жәнеүкіметаралық келісімдер мен шарттарға сәйкес белгіленген тәртіппен шешіледі.

VII. ЕРЕКШЕ ЖАҒДАЙЛАР

Су айдындарының биоресурстарын пайдаланғаны үшін төлем қолданылып жүрген заңдарға сәйкес енгізіледі.

Су айдынының биоресурстарын пайдаланғаны үшін төлемнің мөлшері баға индексіне негізге ала отырып, тоқсанына бір реттен аспайтындай түзетілуі мүмкін

Балық өндіру көлемі ғылыми-зерттеу ұйымдарының ұсыныстарын және

белгіленген квоталар мен лимиттерді ескеріп, тоқсандар бойынша белгілене отырып, жылына бір рет белгіленеді.

Балық шаруашылығы ғимараттары мен құрылыстарын салуға арналған "су айдынын (учаскесін) пайдаланушыға" қажетті жердің ауданы "су айдынын (учаскесін) пайдаланушының" өтініші бойынша белгіленген тәртіппен бөлінеді.

Осы шарт екі данада жасалып, оның бірінші данасы _____

_____ су айдынын (учаскесін) пайдаланушыға берілді, екінші данасы _____

_____ балық қорғау органында сақталады.

Шарттың күшіне енген күні 19__ ж. "___" _____

Шарт күшінің аяқталатын күні 19__ ж. "___" _____

ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ МЕКЕН-ЖАЙЛАРЫ:

"балық қорғау органы" _____

(атауы, пошталық, телеграфтық мекен-жайы,

_____ банк реквизиттері)

(қызметі, тегі, аты, әкесінің аты, қолы, мөр)

"Су айдынын (учаскесін) пайдаланушы" _____

(атауы, пошталық,

_____ телеграфтық мекен-жайы, банк реквизиттері)

(қызметі, тегі, аты, әкесінің аты, қолы, мөр)

Шарт _____ балық қорғау органында

N _____ болып тіркелді.

Тіркеуді ресімдеген күн _____

Шартты тіркеген адам _____

(қызметі, тегі, аты, әкесінің аты)

_____ қолы

Ескерту: төлқұжат, карта-схема және су айдынын (учаскесін) тексеру актісі шартқа міндетті қосымша қызметін атқарады.

ҚАЗБАСБИОРЕСУРСТАРЫ

Биологиялық ресурстарды қорғау, үдемелі өсіру және пайдалану жөніндегі бас басқарма

ТӨЛҚҰЖАТ

(су айдынының, учаскесінің атауы)

Төлқұжатты толтырған балық қорғау органының атауы _____

Су айдынын (учаскесін) пайдаланушы _____

су айдынының (учаскесінің) бекітілу мақсаты _____

(б а л ы қ

кәсіпшілігі, мәдени балық шаруашылығын немесе әуесқой және

спорттық балық аулау ұйымдарын құру)

I. СУ АЙДЫНЫНЫҢ (УЧАСКЕСІНІҢ) ТҰРҒАН ЖЕРІ

1. Облысы _____

ауданы _____

2. Су айдынының (учаскесінің) атауы _____

3. Инспекторлық аудан _____
және учаске _____

II. СУ АЙДЫНЫН (УЧАСКЕСІН) СИПАТТАУ

4. Учаскенің шекаралары _____

5. Су айдынының (учаскесінің) көлемі:

- ұзындығы, км _____

- ені, км _____

- ауданы, га _____

- ең үлкен тереңдігі, м _____

- орташа тереңдігі, м _____

6. Су айдынының (учаскесінің) өсу дәрежесі _____

(күшті, орташа, әлсіз)

7. Ихтофаунасының құрамы _____

8. Аулауға рұқсат етілген кәсіпшілік балықтар тізбесі _____

9. Су айдынының балық өнімділігі, кг/га _____

10. Кәсіпшіліктің басқа объектілері _____

11. Қолдануға рұқсат етілген аулау құралдары _____

12. Үлкен ау, шағын ау, салдардың саны және су айдынында (учаскесінде) тұрған тұрақты аулайтын басқа да орындар _____

13. Су айдынының (учаскесінің) өнеркәсіп кәсіпорындарының ағындарымен ластануы, өндіріс қалдықтарымен бүлінуі _____

14. Су қоршаулары (су қоршау ғимараттарының сыныптары, қуаты, ведомстволық қарауы) _____

15. Жалпы тәртіптегі басқа да мәліметтер _____

Ескерту: осы төлқұжат екі данада толтырылды және су айдындары биоресурстарын пайдалану және су айдынын (учаскесін) бекіту жөніндегі шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

Мөрдiң орны

Балық қорғау органы _____
(қызметі, тегі, аты, әкесінің аты)

Мөрдiң орны

Су айдынын (учаскесін) пайдаланушы _____
(қызметі, тегі, аты, әкесінің аты)

Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігі

ҚАЗБАСБИОРЕСУРСТАРЫ

Биологиялық ресурстарды қорғау, үдемелі өсіру және пайдалану жөніндегі бас басқарма

Рұқсаттың түбіртегі (Кәсіпшілік билетінің) N _____

Кәсіпшілік билетін берген _____

(балық өндіретін

ұйымның атауы)

Аулауға құқығы _____
(балықшылардың саны, бригадирдің,

_____ жауапты адамның тегі, аты, әкесінің аты)
Мерзімі _____ дейін

_____ (су айдынының, учаскесінің атауы)
балық аулау жүргізіледі _____
(аулау құралдарының атауы,

_____ олардың мөлшері мен саны)
Аулау көлемі _____
(соның ішінде тоқсан бойынша)

Табиғат пайдаланғаны үшін төлемнің мөлшері _____

Төлем мерзімі _____

Жауапты адамның тегі, аты, әкесінің аты _____

Қолы _____

Мөр орны 19__ ж. "___" _____

БИЛЕТ ИЕСІНІҢ НАЗАРЫНА

1. Кәсіпшілік билеті балық қорғау органы инспекторының алғашқыталап етуі
б о й ы н ш а к ө р с е т і л е д і .

2. Балық аулау ережелерін сақтамаған кезде кәсіпшілік билеті алып қойылады,
ал кінәлі адамдар жауапкершілікке тартылады.

3. Кәсіпшілік билеттің көшірмелері мен дубликаттарын дайындауға
қ а т а ң т ы й ы м с а л ы н а д ы .

4. Кәсіпшілік билеті күшінің мерзімі өтсе, күшін жоғалтқан болып саналады.

5. Кәсіпшілік билеті Қазбасбиоресурстардың тіркеу номері мен
штампы (пакеттер үшін), сондай-ақ тиісті балық инспекциясының мөрі
болғанда ғана жарамды болады.

6. Қазақстан Республикасының шекаралық суларында балық аулау
Заңға және шекара қорғау органдары белгілеген шекара аймағы туралы
ережелерге сәйкес жүргізіледі.

№ 5 қосымша

КӘСІПШІЛІК ЖУРНАЛЫ

Тегі, аты, әкесінің аты _____

_____ балықшы - бригадирі

Су айдынының (учаскесінің) атауы _____

Кәсіпшілікті | түрлері бойынша балықтың | барлық | балық | қабылдаушының
жүргізген | _____ саны, түйірі | аулан. | шының | тегі, аты,
күн | _____ | ғаны, | қолы | әкесінің аты
| сазан | көксерке | жайын | кг | _____ және қолы
| _____ | _____ | _____ | _____ | _____ | _____

Ескерту: Кәсіпшілік журналы балық кәсіпшілігін жүргізуге құқық беретін құжатқа міндетті қосымша болып табылады, жіп өткізілген журналға басшы қол қояды және мөрмен
к у ә л а н д ы р а д ы .

Кәсіпшілік журналы кәсіпшілік билетін берген облыстық мемлекеттік балық инспекциясының мөрімен куәландырады.